

"Қазақстан Ұлттық электр желісінің 500, 220 кВ кернеулі желілеріне жалғай отырып, 500/220 кВ "Алма" қосалқы станциясын салу" жобасы бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 1375 Қаулысы
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания «KEGOC»
акционерлік қоғамы іске асыратын «Қазақстан Ұлттық электр желісінің 500, 220 кВ
кернеулі желілеріне жалғай отырып, 500/220 кВ «Алма» қосалқы станциясын салу»
жобасын тиімді қаржыландыруды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының
заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания «KEGOC»
акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - «KEGOC» АҚ) және «Қазақстан Даму Банкі»
акционерлік қоғамымен мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім жасасын;

2) Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне (бұдан әрі - Банк) «2010 - 2012
жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009
жылғы 7 желтоқсандағы Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер берудің лимиті
шегінде 78000000 (жетпіс сегіз миллион) АҚШ доллары мөлшерінде тартылатын қарыз
бойынша «KEGOC» АҚ-тың міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде Қазақстан
Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін.

2. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына Қазақстан
Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен «KEGOC» АҚ-тың мемлекеттік
кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптарды орындауын қамтамасыз ету
ұ с ы н ы л с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*